

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ




Бекітемін
Ректор

Д.Б. Досманбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі

(№ 1 қағана) » 08 2023 жыл



СТУДЕНТТЕРДІҢ «ІЗДЕНІС» ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2023 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы.....	3
2. Қысқартулар мен белгілеулер.....	3
3. Жалпы ереже.....	3
4. СҒҚ мақсаты мен міндеттері.....	3
5. СҒҚ басқару құрылымы.....	4
6. СҒҚ құқықтары мен міндеттері.....	4
Өзгерістерді тіркеу парағы	

1. Қолдану саласы

1. Осы ереже Қызылорда «Болашақ» университетінің орындалатын студенттердің Ізденіс ғылыми қоғамының (келесіде-СҒҚ) қызметін регламенттейді;
2. СҒҚ өз жұмысын ҚР қолданыстағы заңнамасына, ҚР ҒжЖБМ нормативтік актілеріне және Қызылорда «Болашақ» университетінің жарғысына және осы Ережеге сәйкес жүргізеді;
3. ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы.

2. Қысқартулар мен белгілеулер

- ҒЗЖ - ғылыми- зерттеу жұмысы
- СҒЗЖ - студенттің ғылыми- зерттеу жұмысы;
- СҒҚ – студенттердің Ізденіс ғылыми қоғамы
- СҒҮ- студенттік ғылыми үйірме

3. Жалпы ереже

- СҒҚ – бұл ЖОО-ның ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру және шығармашылық жұмысына белсенді қатысатын ЖЖОББҰ студенттерін ерікті негізде біріктіретін қоғамдық ұйым.
- СҒҚ өз қызметін университеттің Жарғысына, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
- СҒҚ қызметін тікелей басқаруды Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор жүзеге асырады.
- Университеттің СҒҚ мүшесі болу үшін ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын кез-келген студенті университеттің СҒҚ мүшесі бола алады.

4. СҒҚ мақсаты мен міндеттері

СҒҚ мақсаты – жастардың шығармашылық, ғылыми, мәдени интеллектуалды дамуына ықпал ету, университеттің интеллектуалдық және әлеуметтік-мәдени әлеуетін сақтау және дамыту, студенттерді ғылыми жұмысқа бағыттау, ғылыми және шығармашылық мәселелерді өз бетінше шешу құралдары мен ғылыми ұжымда бірлесіп жұмыс жасау дағдыларына үйрету.

СҒҚ міндеттері:

- 1) студенттердің бәсекеге қабілеттілігін, динамикалық, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығына дайын болуын қамтамасыз ету;
- 2) жас мамандардың кәсіби дайындығының сапасын арттыру;
- 3) студенттердің өз бетінше ғылыми ізденуіне көмектесу және ғылыми жұмыстарды ұйымдастыруларын қамтамасыз ету;

- 4) студенттерді ЖЖОББҰ ішіндегі, облыстық, өңірлік және халықаралық студенттік іс-шараларға қатысуға тарту;
- 5) университеттің ғылыми зерттеулерінің басым бағыттары бойынша студенттердің жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;
- 6) студенттердің зерттеу нәтижелерін оқу процесінде пайдалану;
- 7) студенттерді инновациялық қызметке баулу, ғылыми-зерттеу жұмысын оны іске асыру деңгейіне шығару қабілетін дамыту;
- 8) студенттерді жоспарланған ғылыми конференциялар, байқаулар, көрмелер және т.б. туралы уақытылы хабардар ету және оларға мүмкіндігінше қатысуларын қамтамасыз ету;
- 9) бірлескен ғылыми қызмет және тәжірибе алмасу мақсатында басқа мәдениет және өнерге қатысты жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты орнату және дамыту;
- 10) СҒҚ қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілерде танымал ету.

5. СҒҚ басқару құрылымы

СҒҚ құрылымы, оған мүшелік тәртібі СҒЗЖ ұйымының дәстүрлері негізінде осы Ережемен айқындалады.

- 1) университет кафедраларындағы студенттік ғылыми үйірме (ары қарай СҒҰ);
- 2) әр Жоғары мектепте ғылыми жұмыстарды ұйымдастыратын және жоғары мектептің барлық шеңберлерін біріктіретін СҒҚ бөлімі;
- 3) Университеттің барлық СҒҚ қызметін үйлестіретін және бақылайтын СІҒҚ кеңесі;
- 4) СҒҚ басқаруды кафедра меңгерушісі жүзеге асырады;
- 5) СҒҚ кеңесінің төрағасы жалпы жиналыста ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланады;
- 6) СҒҚ жұмысын бақылауды жоғары мектеп деканының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары жүзеге асырады;
- 7) СҒҚ-ның міндетті қызметі академиялық жылдың соңында жыл сайынғы есеп жасау болып табылады.

6. СҒҚ құқықтары мен міндеттері

СҒҚ мүшелерінің құқықтары:

- 1) ғылыми конференциялар, ғылыми жұмыстар байқаулары мен конкурстарын өткізуге, ғылым мен техника жетістіктерін насихаттауға жәрдемдесу;
- 2) студенттердің үздік жұмыстарының нәтижелерін жариялауға және өндіріске енгізуге жәрдемдесу;
- 3) СҒҚ төрағаларының ЖЖОББҰ үшін стратегиялық маңызы бар шешімдерге, ғылыми-зерттеу жұмысының жалпы өмірдегі проблемаларына қатысты құжаттарды дайындау жөніндегі қызметке қатысуы;

4) Жоғары мектепаралық және халықаралық байланыстарды қалыптастыру мен нығайтуға бағытталған іс-шаралар өткізу.

СҒҚ мүшелерінің міндеттері:

- 1) СҒҚ кеңесінің шешімдерін ақпаратты жариялаушыларға уақытылы жеткізу;
- 2) СҒҚ ақпаратты жариялаушылар университетте өткізілетін ғылыми-зерттеу жұмысының түрлі аспектілеріне қатысты ақпаратты уақытылы жариялау;
- 3) бекітілген қызмет саласында ғылыми ақпаратты жақсарту бойынша іс-шаралар әзірлеу;
- 4) университетте ұйымдастырылатын байқаулар, олимпиадалар мен конференцияларға белсене ат салысу;
- 5) конференция жинағына шығатын мақалалар мен сертификаттарды безендіруге, қорытынды жүргізуге қатысу;
- 6) өзінің ғылыми-зерттеу қызметінде осы Ережені басшылыққа алу.

7. Өзгерістер енгізу тәртібі

Ережеге өзгерістер қажеттілігіне қарай енгізіледі. Бұл ереже жаңасына ауыстырылғанға дейін жарамды.


Келісілді:

Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор



Г.Ж. Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы



А.К. Мырзанова

Ішкі сапаны қамтамасыз ету және стратегиялық талдау бөлімінің басшысы



А.М. Төлегенова

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгеріс номері	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, жою, қосу)	Өзгерісті енгізу күні	Жауапты тұлғаның қолы